

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «10» шілдедегі № 6
хаттамасына № 11 қосымша

«KazakhExport» ЭСК» АҚ
Директорлар кеңесінің
2020 жылғы «10» шілдедегі № 6
шешімімен бекітілді

**«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік
қоғамының экспортқа дейінгі қаржыландыруды экспорттаушыларға
ұсыну қағидалары**

(23.12.2022 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен (№14 хаттама))

Астана қ, 2022 жыл

ІНҚ БОЙЫНША ТҮЙІНДЕМЕ

ІНҚ атауы	«KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының экспортқа дейінгі қаржыландыруды экспорттаушыларға ұсыну қағидалары
ІНҚ иесі	Сақтандыру департаменті
Қолжетімділік деңгейі	Жалпыға қолжетімді
Қоғамның барлық қызметкерлерін ІНҚ-мен таныстыру жөніндегі іс-шаралар	«Ішкі портал» желілік дискіге ІНҚ орналастырылған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде электрондық пошта арқылы тарату
«KazakhExport» ЭСК» АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:	

1-тарау. Жалпы ережелер.....	4
2-тарау. Банктік салым шарттарында көзделген орналастырылған салымдарды беру шарттары мен оларды қайтару тәртібі.....	5
3-тарау. Шартты банктік салымдарда орналастырылған Қоғамның ақшасынан банктердің экспорттаушыларды қаржыландыру шарттары	6
4-тарау. Экспорт алдындағы қаржыландыруды ұсынудың негізгі кезеңдері	7
5-тарау. Шартты банктік салым шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері.....	7
6-тарау. Мониторинг	8
7-тарау. Банктік салым шартында көзделген куәландырулар мен кепілдіктер	9
8-тарау. Банктік салым шарты бойынша орналастырылған ақшаны қайтару	9
9-тарау. Банктерге қойылатын талаптар.....	9
10-тарау. Қорытынды ережелер.....	10

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының экспорттаушыларға экспортқа дейінгі қаржыландыру ұсыну (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне, «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамының Жарғысына және ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

2. Осы Қағидалардың мақсаты экспортқа бағдарланған кәсіпорынның айналым қаражатын толықтыруға экспорт алдындағы қаржыландыруды ұсынудың негізгі шарттарын айқындау болып табылады.

3. Осы Қағидаларға сәйкес «KazakhExport» экспорттық сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша - «Қоғам») экспорттаушы банктердің экспорт алдындағы қаржыландыруды ұсыну жолымен кредит беруі үшін банкте шартты салымдар түрінде ақша орналастырады. Қоғам, сондай - ақ экспорттық кредитті сақтандыру шартын немесе экспорттаушымен қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру шартын (бұдан әрі мәтін бойынша - «Сақтандыру шарты») және экспорттаушымен және банкпен ынтымақтастық туралы келісімді жасасады.

4. Банк экспорттаушыға кредиттік желі ашқан кезде қоғамның салымға ақша орналастыруы Тараптар арасында жасалған шартты банктік салым шартының негізінде банкте ашылған депозиттік шотқа ақша аудару жолымен транштармен жүзеге асырылатын болады.

5. Әрбір транш сомасы шартты банктік салымның тиісті шартымен айқындалады.

6. Банк осы Қағидалардың талаптарын бұзған, бұрын берілген ақшаны игермеген/толық игермеген жағдайда, Қоғам Банкке кейіннен қаржыландыруды беруді тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.

7. Осы Қағидаларда мынадай анықтамалар мен ұғымдар пайдаланылады:

1) **Базалық мөлшерлеме**-Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақша нарығындағы номиналды банкаралық пайыздық мөлшерлемелерді реттеуге мүмкіндік беретін ақша-кредит саясатының негізгі құралы;

7-тармақтың 2-тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылды.

2) **Банк**-Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің немесе Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның лицензиясына сәйкес банк операцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкі немесе осы Қағидалардың 9-тарауында баяндалған қоғамның талаптарына жауап беретін және экспорт алдындағы қарыздарды беруді жүзеге асыратын «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамы;

2-1) **Декларация**-Сақтанушының экспорттық келісімшарт бойынша шетелдік контрагентпен сауда айналымы туралы ақпаратты қамтитын құжат.

3) **Банктік қарыз шарты**-бір Тараптың ақылылық, мерзімділік, қайтарымдылық және өзге де алдын ала келісілген талаптарды сақтау шарттарында оларды екінші Тарапқа беру үшін белгілі бір қаражат бөлу міндеттемесін көздейтін кредиттік шарт;

4) **Шартты банктік салым шарты**- соған сәйкес Банк қоғамнан ақша (салым) қабылдауға ол бойынша сыйақы төлеуге және салымды осы түрдегі салым үшін заңнамалық актілерде және шартта көзделген шарттарда және тәртіппен қайтаруға міндеттенетін шарт;

5) **Қарыз (кредит)** - осы Қағидалардың талаптарына, банктік қарыз шартына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Банк қарыз алушыға беретін ақша сомасы;

6) **Қарыз** - Банк осы Қағидаларда айқындалған мақсаттарға банктік қарыз шартының талаптарына сәйкес қарыз берген экспорттаушы;

7) **Шартты банктік салым**-Банк Шартты банктік салымның жекелеген шарттарында айқындалған шарттарда және тәртіппен пайдаланатын салым;

8) **Ақшаны игеру** - банктің шартты банктік салым шарттарында және банктік қарыз шарттарында көрсетілген мерзімдерде және шарттарда шартты банктік салым шарты бойынша Қоғамның салымы есебінен экспорттаушыға экспорт алдындағы кредит беруі;

9) **Экспорт алдындағы қаржыландыру**-экспорттық өнімді өндіру, қызметтер көрсету, экспорттық келісімшарт бойынша жұмыстарды орындау мақсаттарына айналым қаражатын толықтыру үшін банк экспорттаушыға берген кредит;

10) **Ынтымақтастық туралы келісім**- Қоғам, Банк және Экспорттаушы арасында жасалған келісім, оған сәйкес экспорттаушы экспорт алдындағы қаржыландыруды беру шарттарымен келіседі;

10-1) **Шартты банк салымдарын орналастыру жөніндегі келісім**- соған сәйкес Қоғам экспорттаушыларды қаржыландыру мақсатында экспортқа бағдарланған кәсіпорынның экспорттық өнімді өндіру, жұмыстарды орындау немесе экспорттық келісімшарт шеңберінде қызметтер көрсету мақсаттарына айналым қаражатын толықтыру үшін экспортқа дейінгі қаржыландыруды ұсыну жолымен экспорттаушыларды қаржыландыру мақсатында банк оларды пайдалану үшін ақшаны банкте ашылған жинақ шотына орналастыруға міндеттенетін келісім, оған қатысты қолдау оның Жарғысына сәйкес Қоғамның мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жүзеге асырылады;

11) **Сақтандыру сомасы**- сақтандыру объектісі сақтандырылған және Сақтандыру шарты бойынша сақтандыру жағдайы орын алған кезде Қоғам жауапкершілігінің шекті көлемін білдіретін ақшалай сома. Сақтандыру сомасы валютасы Сақтандыру шартында айқындалады;

12) **Экспорттаушы (қарыз алушы)** - қазақстандық тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді экспорттайтын заңды тұлға немесе дара кәсіпкер;

13) **Экспорттық кредит**- жеке жүзеге асырылған Экспорттық жеткізілім бойынша Шетелдік контрагент төлемі бойынша Экспорттаушының төлемді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу түрінде, Келісімшарт талаптарында Сақтанушы Шетелдік контрагентке берген кредит.

14) **Экспорттық жеткізу**-Экспорттаушы мен Шетелдік контрагент арасында жасалған Келісімшарт шеңберінде жүзеге асырған тауарды жөнелту, жұмысты орындау, қызметті көрсету. Әрбір экспорттық жеткізілімнің сомасын (жалпы құнын) Экспорттаушы Сақтандыру шартын орындау мақсатында құжатпен растауға тиіс;

15) **Экспорттық келісімшарт**- Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерлерде тауарларды өткізуге, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге байланысты Экспорттаушы жасасқан мәміле.

Жоғарыда көрсетілген ұғымдар егер Қағидаларда өзгесі көзделмесе, Қағидалардың мәтінінде жекеше немесе көпше түрде, бас әріппен немесе кіші әріппен пайдаланылуына қарамастан, осы тармақта айқындалған мағынада түсініледі.

2-тарау. Банктік салым шарттарында көзделген орналастырылған салымдарды беру шарттары мен оларды қайтару тәртібі

8. Банк ақшаны мақсатты пайдалану, жеделдік, ақылылық, қайтарымдылық шарттарын сақтаған жағдайда, қоғам ақшаны шартты банктік салым шартына сәйкес банктерге орналастырады.

9. Банктер осы Қағидаларда көзделген ақшаны экспорттаушыларды осы Қағидаларда және шартты банктік салымның жекелеген шарттарында көзделген мақсаттарға экспорт алдындағы қаржыландыру үшін ғана пайдалануға міндетті. Қоғам ақшасының бұл нысаналы мақсатын банктер дербес өзгертуге жатпайды.

10. Қоғамның шартты салымдарын банктерге орналастыру мерзімі 365 күнтізбелік күнге тең мерзімнен аспауға тиіс.

11. Шартты банктік салым шарты экспорттаушымен Сақтандыру шарты/экспорттық

кредиттерді сақтандыру туралы Бас келісім, Ынтымақтастық туралы келісім, сондай-ақ төлемдерді кейінге қалдыру талаптарын кемінде 14 (он төрт) күнтізбелік күн көздейтін экспорттық келісімшарт болған кезде жасалады.

12. Экспорттық кредитті сақтандыру Экспорттық кредиттерді сақтандыру қоғамының қағидаларына немесе сақтандыру шартын жасасу сәтінде қолданыстағы экспорттаушының қысқа мерзімді дебиторлық берешегін сақтандыру қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

13. Экспорттық кредиттерді сақтандыру жөніндегі Бас келісім шеңберінде сақтандыру шарты/сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сомасының мөлшері банктік қарыз шарты бойынша алынған экспорт алдындағы қаржыландыру мөлшерінен кем болмауға тиіс. Экспорттаушы Сақтандыру шартының/ Экспорттық кредиттерді сақтандыру жөніндегі бас келісімнің қолданылу мерзімі ішінде орналастырылған салымдар сомасынан кем емес сомаға тауарды жеткізу, жұмысты орындау немесе қызмет көрсету туралы растауды не алынған экспорт алдындағы қаржыландыру бойынша декларацияны ұсынуға міндетті. Бұл ретте олардың шеңберінде қаржыландыру берілетін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеу бойынша мерзімі өткен кезде экспорт алдындағы қаржыландыруды ұсынуға жол берілмейді.

14. Сақтандыру шартында нақты жеткізілімдер жүзеге асырылғанға дейін сақтандыру сыйлықақысын алдын ала төлеу шарттары болуы мүмкін.

15. Қоғам банкте орналастыратын шартты салым бойынша сыйақы мөлшерлемесі банктік салым шартына қол қойылған кезде қолданылатын жылдық базалық мөлшерлеменің кемінде жартысы болуға тиіс.

16. Банк төлейтін сыйақы шартты банктік салым шартының талаптарына сәйкес есептеледі.

17. Банктердің орналастырылған ақшаны және Қоғамның салымы бойынша есептелген сыйақыны қайтару тәртібі шартты банк салымы шартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

18. Қоғамның ақшасын пайдалану мерзімі шартты банктік салым шартында көрсетілген деректемелер бойынша банкте ашылған Қоғамның депозиттік шотына Қоғамның ақшасы түскен күннен басталады және ақшаны толық қайтару және есептелген сыйақы күнімен аяқталады. Тиісті шартты банктік салым шартының деректемелерінде көрсетілген қоғамның банктік шотына толық көлемде ақша түскен күн ақшаны қайтару күні болып табылады.

19. Экспорттаушыға бұрын берілген қарыздарды өтеу есебінен босатылған қоғамның ақшасы тиісті шартты банк салымы шартының деректемелерінде көрсетілген Қоғамның шотына салым бойынша есептелген сыйақымен қайтарылуға тиіс

20. Банк үшін Қоғамнан қаражат тарту мөлшерлемесі мен экспорттаушыны қаржыландыру мөлшерлемесі арасындағы айырмашылық жылдық 4,0% - дан аспауға тиіс.

3-тарау. Шартты банктік салымдарда орналастырылған Қоғамның ақшасынан банктердің экспорттаушыларды қаржыландыру шарттары

21. Осы Қағидалар шеңберінде шартты банктік салым шарттары бойынша Қоғамның ақшасын пайдалана отырып, банктердің экспорттаушыларды экспорт алдындағы қаржыландыруы Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған тауарларды жеткізуді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді көздейтін, сондай-ақ олар бойынша Қоғамның жарғылық қызметіне сәйкес келетін экспорттық келісімшарттарды орындау үшін жүзеге асырылады.

22. Қаржыландыру мерзімі 365 күнтізбелік күнге тең мерзімнен аспауға тиіс.

23. Экспорт алдындағы қаржыландыруды Банк Экспорттаушыға экспорттық келісімшарт шеңберінде экспорттық өнімді өндіру және қызметтер көрсету мақсаттарына айналым қаражатын толықтыру үшін ұсынады.

24. Экспорт алдындағы қаржыландыру шеңберінде Банк Қазақстан Республикасынан тауарлар мен көрсетілетін қызметтер экспортын жүзеге асыратын экспорттаушыға қарыз береді.

25. Банктік кредит беру, қарыз алушының банктік қарызды өтеу есебіне төлемдерін және ол бойынша сыйақыны есептеу теңгемен жүргізіледі.

26-тармақ Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылды.

26. Экспорттаушының жылдық мәндегі қарызының жалпы құны мынадай формула бойынша есептеледі:

Қарыздың жалпы құны = [Д]% + [М]%,

мұндағы

[Д] - Шартты банк салымы бойынша банктің сыйақы мөлшерлемесі (жылдық%). Бұл мән мына формула бойынша есептеледі: [Д] = 0,5 * [Б]%, мұндағы [Б] - шартты банктік салым шартына қол қойылған кезде қолданылатын базалық мөлшерлеме;

[М] - Банктің маржасы (жылдық %). Бұл мән 4% - дан (төрт пайыздан) аспауы керек.

4-тарау. Экспорт алдындағы қаржыландыруды ұсынудың негізгі кезендері

27. Осы Қағидалардың шарттары бойынша Шартты банк салымдары Қоғаммен шартты банк салымдарын орналастыру жөнінде келісімдер жасалған банктерде ғана орналастырылады.

28. Экспорт алдындағы қаржыландыру қоғаммен Экспорттық кредиттерді сақтандыру шартын/ Экспорттық кредиттерді сақтандыру туралы бас келісімді немесе қысқа мерзімді дебиторлық берешекті сақтандыру шартын жасасқан экспорттаушыларға ғана беріледі.

29. Экспорттаушы Қоғамда және (немесе) Банкте экспорт алдындағы қаржыландыру шеңберінде банктен қарыз алу мүмкіндігі туралы алғашқы консультация алады.

30. Банк экспорттаушының өтінішін қарайды және оң шешім қабылданған жағдайда – Қоғамға экспорт алдындағы қаржыландыруды ұсыну туралы өтініш жібереді.

31. Қоғам Банктің өтінішін қарайды және оң шешім қабылданған жағдайда – экспорт алдындағы қаржыландыру және экспорттаушының кредитін сақтандыру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді Банк пен Экспорттаушыға қол қоюға жібереді.

4-тарау Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешімімен 31-1-тармақпен толықтырылды (№14 хаттама).

31-1. Ынтымақтастық туралы келісім/Шартты банктік салым шарты қоғам мен банк арасында электрондық ақпараттық ресурстармен алмасу арқылы электрондық нысанда жасалуы мүмкін.

32. Экспорттаушының кредитін экспорттау алдындағы қаржыландыру және сақтандыру саласындағы ынтымақтастық туралы барлық тараптар қол қойған келісімді алғаннан кейін қоғам қол қою үшін банкке шартты банктік салым шартын жібереді.

33. Банк қол қойған Шартты банктік салым шартын алғаннан кейін Қоғам шартты салымды Банкке орналастырады.

34. Шартты салымды алғаннан кейін Банк экспорттаушыға экспорт алдындағы қаржыландыру шеңберінде қаржыландыруды ұсынады.

35. Экспорттаушыға қаражат беру рәсімі, экспорт алдындағы қаржыландыру шеңберінде қарыз беру жөнінде шарттар жасасу Банктің ішкі нормативтік құжаттарымен регламенттеледі.

5-тарау. Шартты банктік салым шарты бойынша тараптардың құқықтары мен міндеттері

36. Осы Қағидалардың шарттарына сәйкес шартты банк салымдарын орналастыру

жөніндегі келісімде Қоғамның мынадай құқықтары белгіленсін:

1) Банктің осы Қағидаларда көзделген ақшаны игеруін және мақсатты пайдалануын, сондай-ақ банктің осы Қағидаларда белгіленген экспорттаушыларды экспорт алдындағы қаржыландыру шарттарын сақтауын тексеру;

2) осы Қағидаларға сәйкес экспорттаушыларды қаржыландыру үшін бөлінетін қоғамның ақшасын игеру бойынша банктен қажетті жедел ақпаратты сұрату;

3) салым бойынша салымды және есептелген сыйақыны мерзімінен бұрын қайтаруды және/немесе шартты банктік салым шартын және осы Қағидаларды мерзімінен бұрын бұзуды талап ету:

– осы Қағидалар шеңберінде Қоғамның шартты банктік салымы шарттары бойынша жарнаны және/немесе сыйақыны банктің уақтылы және/немесе толық аудармауы;

– Банктің Қоғамның шартты салымының ақшасын мақсатсыз пайдалануы;

– Банкті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен төлем қабілетсіз деп жариялау;

– егер Банк көрсеткіштерінің өзгеруі салдарынан банктің Қоғам алдындағы міндеттемелерінің жалпы сомасы уәкілетті орган белгілеген нормативтер бойынша есептелген ең жоғары рұқсат етілген мәннен асып кетсе;

– банк Шартты банк салымдарын орналастыру жөніндегі келісім бойынша өз міндеттемелерін және осы Қағидалардың шарттарын орындамаған өзге жағдайларда.

37. Осы Қағидалардың шарттарына сәйкес Банк өз қалауы бойынша және Қоғаммен келісім бойынша осы Қағидалардың талаптарына сәйкес осы Қағидаларда көзделген қаражат есебінен экспорт алдындағы қаржыландыру үшін экспорттаушыны таңдауға құқылы. Экспорттаушыны таңдау кезінде импорттаушыға төлемді кейінге қалдыру және сақтандыру шартын беру шартымен жасалған экспорттық келісімшарттың болуы міндетті шарт болып табылады.

38. Шартты банк салымдарын орналастыру жөніндегі келісімде банктің мынадай міндеттемелері көзделуге тиіс:

1) осы Қағидалардың шарттарын сақтау - Экспорттаушыларды қолайлы шарттармен қолдауға қатысу;

2) осы Қағидалар шеңберінде шартты банктік салым шартына сәйкес бөлінетін Қоғамның ақшасын толық көлемде игеру;

3) Экспорттаушыларға осы Қағидаларда көрсетілген шарттар мен тәртіпке сәйкес экспорт алдындағы қаржыландыруды ұсыну;

38-тармақтың 4-тармақшасы Қоғамның Директорлар кеңесінің 23.12.2022 жылғы шешіміне (№14 хаттама) сәйкес мынадай редакцияда жазылды.

4) Қоғамға экспорттаушыға кредиттік қаражаттың есептелгенін растайтын құжаттарды, экспорттаушымен банктік қарыз шартының көшірмесін ол жасалған кезден бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсыну;

5) осы Қағидалардың мониторингі шеңберінде сұрау салынатын ақпарат пен құжаттарды Қоғамға дереу ұсыну;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, Шартты банк салымдарын орналастыру жөніндегі келісім бойынша өзінің құқықтары мен міндеттерін оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қоғамның алдын ала жазбаша келісімінсіз үшінші тұлғаға бермеуге және шеттетпеуге тиіс.

6-тарау. Мониторинг

39. Осы Қағидаларды іске асыру мониторингін Қоғам мынадай бөлікте жүзеге асырады:

1) салымда орналастырылған ақшаны мақсатты пайдалану;

2) Экспорттық келісімшартты іске асыру.

40. Мониторинг функцияларын жүзеге асыру үшін Қоғам экспорттаушы мен банктен мониторинг нысанасына жататын қажетті құжаттар мен ақпаратты, оның ішінде салықтық және банктік құпияны құрайтын ақпаратты сұратуға, осындай келісімшарт бойынша барлық құжаттарды тексеру құқығымен экспорт алдындағы қаржыландыруды, экспорттық келісімшартты іске асыру мониторингін жүзеге асыруға құқылы. Осы тармақта көрсетілген талаптарды орындау мақсатында Банк экспорттаушыдан және үшінші тұлғалардан, мүдделі тұлғалардан (қосалқы қарыз алушы, кепіл беруші және т.б.) Қоғамның банк құпиясын ашуға келісім алуға және Шартты банк салымы шартында және Банктік қарыз шартында құжаттар мен ақпаратты алуға Қоғамның құқықтарын көрсетуге тиіс.

41. Қоғам банктен (уәкілетті тұлғаның қолымен және мөрімен) куәландырылған шарттардың, төлем тапсырмаларының және Қарыз алушының кредиттік досьесінде қамтылған өзге де құжаттардың көшірмелерін талап етуге құқылы.

42. Ынтымақтастық туралы келісімде Экспорттаушының Қоғамның талабы бойынша экспорттық келісімшарт талаптарын орындауға байланысты барлық құжаттарды, соның ішінде жөнелту құжаттарын, төлем тапсырмаларын, банктік үзінді көшірмелерді, салыстыру актілерін және т.б. ұсыну міндеттемелерін көздейтін шарттар қамтылуға тиіс.

7-тарау. Банктік салым шартында көзделген куәландырулар мен кепілдіктер

43. Банк салымы шарттарында банктердің мынадай кепілдіктерін көздеу:

1) Банк қоғамға берілген (ұсынылған) немесе оған ұсынылған барлық ақпараттың, сондай-ақ барлық құжаттаманың дәл және шындыққа сәйкес келетіндігін мәлімдейді және растайды. Қоғам берілген немесе берілетін құжаттаманың дұрыстығы мен нақтылығын тексеруге міндетті емес. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жалған, толық емес және/немесе анық емес мәліметтерді ұсынғаны үшін жауапкершілік туралы Банк ескертілді.

8-тарау. Банктік салым шарты бойынша орналастырылған ақшаны қайтару

44. Банк Қоғам орналастырған ақшаны қайтаруды және Банк салымы шартында және осы Қағидаларда белгіленген талаптарға және мерзімдерге сәйкес өзге де төлемдерді төлеуді қамтамасыз етеді.

45. Экспорттаушы кредитті мерзімінен бұрын өтеген немесе мерзімінде өтеген жағдайда, Банк Шартты банк салымы шартында белгіленген мерзімдерде негізгі борыштың, есептелген сыйақының сомасын қоғамға өтеу жөніндегі сөзсіз міндеттемені өзіне алады.

46. Егер төлем күні жұмыс істемейтін немесе мереке күніне келетін болса, төлем одан кейінгі жұмыс күні жүргізіледі.

47. Қоғамның бастамасы бойынша Шартты банктік салым шарты бойынша ақшаны мерзімінен бұрын қайтару Банктік салым шартында және осы Қағидаларда көзделген тәртіппен және шарттарда мүмкін болады.

48. Банк кез келген уақытта, Қоғамды жазбаша хабардар ете отырып, кемінде 2 (екі) жұмыс күні ішінде салымның негізгі сомасының барлығын немесе бір бөлігін Банк Қоғамға нақты пайдалану уақыты үшін салымның негізгі сомасы бойынша төлеуге жататын барлық есептелген сыйақыларды және өзге де сомаларды төлеген жағдайда мерзімінен бұрын қайтаруға құқылы. Осы сәттен бастап Банктің Қоғам алдындағы ақшалай міндеттемелері тоқтатылады.

9-тарау. Банктерге қойылатын талаптар

49. Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес есептелген белгіленген лимиттердің болуы. Қоғам Банктің сұрауы бойынша белгіленген лимит сомасы туралы Банкке хабарлайды.

10-тарау. Қорытынды ережелер

50. Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қоғамның ішкі құжаттарында және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында айқындалған тәртіппен реттеледі.